



«Нұр-Ай бобек» ЖШС бобек-бакшасының  
менгеруші: Нұртазина.Ж.А

## «Балапан»кіші тобының музыка оқу қызметінің 2021-2022 оқу жылына арналған перспективалық жоспары

2021-2022жж

**Кіші топ «Балапан» музықадан перспективалық жоспары  
Қыркүйек-2021ж.**

**Отпелі тақырып: «Балабақша»**

**Мақсаты:** Балаларда әлеуметтік дағдыларды, мектепке дейінгі үйымға, топқа, балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға, бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.

<b>Апта</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>ҰОҚ саны</b>
<i>I апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы: «Бақшаға келемін»</b>  <b>Білімділік:</b> Балалардың балабақша туралы ой өрісін дамыту. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көніл күйін қабылдауды, бірдей қарқында ән салуды үйрету.  <b>Дамытушылық:</b> «Сикырлы дорба» ойыны арқылы балаларды сабакқа қызығушылығын дамыту. Эн ырғағын сезіне білуге дағдыландыру.  <b>Тәрбиелілік:</b> Мұзыкалық шығармашылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Тақырыбы: «Бақшаға барамын»</b>  <b>Білімділік:</b> Түрлі сипаттағы музикалардың мазмұны мен көніл күйін қабылдауды, бірдей ән салуға үйрету.  <b>Дамытушылық:</b> Бірінің артынан бірі жүргү барысында би ырғағын игеруді дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Дене сымбатын қалыптастыруға, бойын тік ұстаяға тәрбиелеу.</p>	2
<i>II апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы: «Бақшадағы достарым»</b>  <b>Білімділік:</b> Әннің сөздерін анық, жігерлі, екпінмен орындауга үйрету.  <b>Дамытушылық:</b> Әп айту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Мейірімділікке, достыққа тәрбиелеу.</p>	1
<i>III апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы: «Балабақша біздің үй»</b>  <b>Білімділік:</b> Ән-күйлерді тыңдау, қабылдау және музикалық жанрды ажыратада білуге үйрету.  <b>Дамытушылық:</b> Ән айту арқылы ой қиялын дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Шығармашылыққа, әсемдікке тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Тақырыбы: «Балабақша біздің үй»</b>  <b>Білімділік:</b> Ән-күйлерді тыңдау, қабылдау және музикалық жанрды ажыратада білуге үйрету.  <b>Дамытушылық:</b> Ән айту арқылы ой қиялын дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Балабақша қызметкерлерінің мамандықтары туралы білім беру (медбике, аспаз). ересектердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Балалардың бір-біріне деген мейірімді қарым-қатынасын тәрбиелеу</p>	2
<i>IV апта</i>	<p><b>Тақырыбы: «Балабақша көнілді»</b>  <b>Білімділік:</b> Бір әннің әр түрлі аспалта ойнаған сазын тыңдау, тану, салыстыру, ажыратуға үйрету.  <b>Дамытушылық:</b> Шығармашылық ой қиялын дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Музикаға, өнерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>	1

## Қазан-2021ж

### Отпелі тақырып: «Менің отбасым»

**Мақсаты:** Отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкесінің рөлі; отбасы мүшелерінің міндеттері туралы; отбасындағы жағымды өзара қарым қатынасқа тәрбиелеу, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін көнектігүе мүмкіндік беру.

Апта	Тақырыптар	УОҚ саны
<i>I апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы: «Менің туыстарым»</b>  <b>Білімділік:</b> Әннің мазмұнын ұғып, женіл, көңілді айтуға үйрету.  <b>Дамытушылық:</b> Ой қиялын дамыту. Әннің ыргағын, көңі-күйін сезіне біуге дағдыландыру.  <b>Тәрбиелілік:</b> Музыка тындау арқылы оған сәйкес өзіндік қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Тақырыбы: «Менің туыстарым»</b>  <b>Білімділік:</b> Отбасы мүшеерінің аттаарын атап, әже, ана тураы әндер жаттату  <b>Дамытушылық:</b> Отбасы мүшелері туралы айту. Әнді ұйып тындалап, тез есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b>  Жаттаған әнді жеткізе біуге, үйде анамызға көмектесуге тәрбиелеу.</p>	2
<i>II апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы: «Отбасым»</b>  <b>Білімділік:</b> Отбасы мүшелерін сыйлап, оардың айтқанын тындау керектігін түсіндіру.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> «Менің отбасым» ойынын ойнау арқылы ептілікке, шапшандыққа үйрету.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Әнді көңілді, шириқ, ән ыргағын сактай орындауда тәрбиелеу.</p>	1
<i>III апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы: «Ардақта ата-анаңды»</b>  <b>Білімділік:</b> Музыканың сипатын ажырату, салыстыруға үйрету.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Музыкаға деген қызығушылығын дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Ән айтуда арқылы озгелерге көмектесудің жақсы онер екеніне тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Тақырыбы: «Ардақта ата-анаңды»</b>  <b>Білімділік:</b> Отбасы мүшелері арасындағы сыйластық қарым-қатынас туралы айтып, көмектесу керектігін түсіндіру.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Ата-ананың бізге деген қамқорлығы туралы, олардың біз үшін қымбат жандар екенін түсіндіру.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Ата-ананың айтқанын тындалап, ұлкенді сыйлауда керектігіне тәрбиелеу.</p>	2
<i>IV апта</i>	<p><b>Тақырыбы: «Біздің үй»</b>  <b>Білімділік:</b> Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Музыканың ыргағына, көңіл күйін бимен байланыстыра білуге дағдыландыру.</p>	1

**Тәрбиелік:** Музыкаға деген қызығушылығын оятып, мәдениетке тәрбиелеу.

**Тәрбиелік:** Музыкаға деген қызығушылығын оятып, мәдениетке тәрбиселеу.

---

Digitized by srujanika@gmail.com

## Қараша-2021ж

### Отпелі тақырып «Күз сыйы»

**Мақсаты:** Жыл мезгілдері, күз, жылудың аздығы, күннің көзі шығып тұрса да, жылулығы жоқтығы туралы тану, алайда күз сыйы жарқын, түрлү, ашық түсті болатынын, гүлдер, жапырақтар, бұтактар, жидектер, көкөніс пен жемістер – күз сыйы екенін түсіндіру.

Анта	Тақырыптар	ҰОҚ саны
<i>I апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Қош келдің, алтын күз»  <b>Білімділік:</b> Музыкалық шығарманы тыңдала, қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үрнету.  <b>Дамытушылық:</b> музыка ырғағымен кимыл, би арғактарын жасай білуге дағдыландыру.  <b>Тәрбиелілік:</b> Табиғат ерекшелігін білуге тәрбиелеу</p> <p><b>2. Тақырыбы:</b> «Қош келдің, алтын күз»  <b>Білімділік:</b> Әнді мұқияттың дастанын сақтаға қалуға үрнету.  <b>Дамытушылық:</b> Үйренген әндерін дұрыс, би қимылдарымен толықтырып орындауды дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Музыка арқылы рухани тәрбие беру.</p>	2
<i>II апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Күз келді»  <b>Білімділік:</b> Өнді жсніл, біргес орындауға үрсту. Өннің көңіл күйін сезінсін білуге үрнету.  <b>Дамытушылық:</b> «Дауысынан таны»  оныны арқылы балалардың музыкалық аспаптардың дауыстарын ажырату дағыларын дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытуға жетелейді. Музыканың сипатын ажыратада алуға тәрбиелеу.</p>	1
<i>III апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Күз байлығы»  <b>Білімділік:</b> Күз туралы билетін әндерін сұрау. Әнді би қимылдарымен толықтыру.  <b>Дамытушылық:</b> Музыканың лыбыс жоғарылышын, өзіне таныс әндерлі ажыратада білу қабілетін дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Әннің сезін таза, би қимылдарын музыкаға сәйкес, көпке ілесе орындауға тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Тақырыбы:</b> «Күз байлығы»  <b>Білімділік:</b> Күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы айттын, әндер тыңдату.  <b>Дамытушылық:</b> «Жемістер мен көкөністер» ойныны арқылы күз мезгілінің молшылық мезгілі екенін түсіндіру.  <b>Тәрбиелілік:</b> Еңбексүйгіштікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p>	2
<i>IV апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Көңілді күз»  <b>Білімділік:</b> Күз мезгілінің молшылыққа толы екенін, қырман жинау, жемістер мен көкөністерді жинау көңілді екенін айтту.  <b>Дамытушылық:</b> Таныс шығармалардың үзіндісінен тануға ән мазмұнына сай, биде, ойында мазмұнын жете түсінуге есту қабілетін дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Мерекелік көңіл-күй сыйлау. Еңбексүйгіштікке, бірлесе жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p>	1

## Желтоксан-2021ж

### Отпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

**Мақсаты:** Балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес рухани – адамгершілік құндылықтарды, білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру, жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттер, ойлау және қиядауды қалыптастыру.

Апта	Тақырыптар	ҰОҚ Саны
<i>I апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы: «Тұған өлкем»</b></p> <p><b>Білімділік:</b> Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Қазақстанның Республикасының ең алғашқы Елбасы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Тұған еінің рәміздерін құрметтеуге, Әнұраның жатқа білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Тақырыбы: «Тұған өлкем»</b></p> <p><b>Білімділік:</b> Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Қазақстанның Республикасының ең алғашқы Елбасы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Тұған еінің рәміздерін құрметтеуге, Әнұраның жатқа білуге тәрбиелеу.</p>	2
<i>II апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы: «Көңілді пойыз»</b></p> <p><b>Білімділік:</b> Музыгадағы дыбыстарды ажырату арқылы балалардың ой өрісін, ой қиялын ұшқырлауға үйрету.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> «Машина» Ойынын ойнау арқылы көліктердің түрлерін ажыратып үйренеді.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Таныс музикаларды ажырата білуге тәрбиелеу.</p>	1
<i>III апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы: «Менің Елім»</b></p> <p><b>Білімділік:</b> Түрлі сипаттағы музикаларды тыңдау және есте сактауға, аспаптың даусына бейімделуге, шылдырмақтың дыбысталу динамикасын ажыратуға үйрету.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Тұған ел, жер туралы әндер жаттап, оларды дұрыс орындау және жеткізе білу қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Патроттық әндерді рухпен, қайсаrlықпен орындауға тәрбиелеу,</p> <p><b>2. Тақырыбы: «Менің Елім»</b></p> <p><b>Білімділік:</b> Тұған ел туралы жаттаган өңдердің нақышына келтіріп орындауға үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Әнлі айтқанда сезіне білу көректігін түсінліріп, ноталарға дәл түсү дағдыарын дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Топпен ән айтқанда әннен қалмай бірге орындауға, достарына деген сыйластыққа тәрбиелеу.</p>	2

IV апта	<p><b>Такырыбы:</b> Астана –Отанымыздың жүрөгі</p> <p><b>Білімділік:</b> Әнді тыңдаپ, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру.</p> <p><b>Тәрбиелилік:</b> Еліне, тутан жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.</p>	1
------------	--	---

## Қантар-2022ж

### Отпелі тақырып «Қыс қызығы»

**Мақсаты:** Жылдың қыс мезгілінде балаларды шымыр болуға, қармен ойнауға, мұзда сырғанауға, аққала жасауға, шаңғы, коньки мен шанамен сырғанауға баулу.

Апта	Тақырыптар	ҰОҚ саны
<i>I апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Қызықты қыс мезгілі»</p> <p><b>Білімділік:</b> Балаларды музыка тыңдау арқылы жыл мезгілдерінің айырмашылығын ажыратуға үрету.</p> <p>Д/о: «Жыл мезгілдері»</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Жыл мезгілдері туралы түсініктерін, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Әнді би қимылдарымен жеткізе білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Тақырыбы:</b> «Қызықты қыс мезгілі»</p> <p><b>Білімділік:</b> Балаларды музыка тыңдау арқылы жыл мезгілдерінің айырмашылығын ажыратуға үрету.</p> <p>Д/о: «Қоңыр аю қорбаңбай»</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Балалар ойын ойнау арқылы андардың жүрісімен таныс болады. Есте сақтау қабілетін дамытады.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Шығармаптылыққа, әнді сүйе білуге тәрбиелеу.</p>	2
<i>II апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Орманға саяхат»</p> <p><b>Білімділік:</b> Музыканың әр қимыл сипатын бере білуге, ыргакты сезіне білуге дамыту. Құстарға деген қамқоршылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Д/О: «Сұр қоян» Ойын арқылы түрлі андардың қимылдарын үйренеді. Есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Ән тыңдау: «Көңілді би» Ө.Байділда.</p> <p>ән айту: «Қыс» Б.Жұсібалиев, А.Асылбек</p> <p>музыкалық ыргакты қимыл «Қоңыраулармен билейміз»</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Үргакты би қимылдарын жыдам, тез, дұрыс жасауға тәрбиелеу.</p>	1
<i>III апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Аққала»</p> <p><b>Білімділік:</b> Аққаланың неден жасалатынын айту. Бөліктерімен таныстыру.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Д/О : «Аққаланы кім жылдам киіндіреді»</p> <p>Балалар ойнанды жылдамдықпен ойнауға үйренеді.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Заттарды пішініне қарап ретімен қоюға, езін жігерлендіруге тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Тақырыбы:</b> «Аққала»</p> <p><b>Білімділік:</b> Тыңдау ынтасын тәрбиелеу, ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, тәмен және жоғары дыбыстарды есту, сезіну.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Әннің ыргагына сәйкес би қымылдары мен мимиканы да пайдалану қабілетін дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> «Аққаланы кім жылдам құрастырады?» ойынымен жылдам қимылдауға, ептілікке тәрбиелеу.</p>	2

IV апта	<p><b>Тақырыбы:</b> «Ертегілер елінде»</p> <p><b>Білімділік:</b> Балаларды шығармашылықта баулу, әуен сипатын ажыратып, қымылдауға, ән айтуға дағдыландыру</p> <p><b>Дамытушылық:</b> «Кім епті» ойнын балаларды ептілікке, шапшан қымылдауға үйретеді.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Достыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>	1
------------	---	---

## Ақпан-2022ж

### Отпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

**Максаты:** Баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, мектепке дейінгі үйымда, тұрмыста, көшеде, табигат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозгалыс тәжірмебесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байыту.

Апта	Тақырыптар	ҰОҚ саны
I апта	<p><b>1. Тақырыбы: «Төлдер»</b>  <b>Білімділік:</b> Дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, жоғары және тәмен дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажыратада білуге үйрету.  <b>Дамытушылық:</b> «Төлдерді тап» ойыны арқылы балаларға төлдердің енелері салынған суретті беру. Төлдерді айыру арқылы есте сақтау қабілеттері дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Қойылған сұрақтарға нақты, дұрыс жауап беруге, әдептілікке тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Тақырыбы: «Төлдер»</b>  <b>Білімділік:</b> Үй жануарары тура туспанніктерін кеңейту. Откенді қайталау.  <b>Корытындылау.</b>  <b>Дамытушылық:</b> Музыкамен жануарлардың дауысын салуды менгеру. Сөздік қорларын дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Дене сымбатын қалыптастыруға, бойын тік ұстауға тәрбиелеу</p>	2
II апта	<p><b>1. Тақырыбы: «Күн шуағы»</b>  <b>Білімділік:</b> Балалар әнді тыңдау ынталанып тәрбиелеу, ширак және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсетуге дыбыстарды есту, сезінуге дағдыландау.  <b>Дамытушылық:</b> Жетекшімен бірге әнді қайталаап, ырғакты сезіне білу дағдыларын дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Үлкеннің айтқанын тыңдаш, сыйлауға тәрбиелеу.</p>	1
III апта	<p><b>1. Тақырыбы: «Көк аспанға саяхат»</b>  <b>Білімділік:</b> Табиғи дауыспен ән айтуда үйрету. Қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландау.  <b>Дамытушылық:</b> Есте сақтау қабілеттерін дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Би ырғактарын дұрыс жасай білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Тақырыбы: «Көк аспанға саяхат»</b>  <b>Білімділік:</b> Ән айтуда үйрету, би қимылдарын жасауда үйрету.  <b>Дамытушылық:</b> Би қимылдары арқылы арқа, қол бүлшүккеттерін дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Әдемілікке, әсемдікке тәрбиелеу.</p>	2
IV апта	<p><b>1. Тақырыбы: «Ақ тиін»</b>  <b>Білімділік:</b> Әуенде есту, сезінү, әнді бірге бастап, бірге аяқтап хормен айтуда үйрету. Балалар өз беттерімен әрекет жасай алуға, қимылдарды ойлап табуға талпындыру.</p>	1

	<p><b>Дамытушылық:</b> Сюжетті-рөлді ойындарга катысуга қабілеттерін әрі карай дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелік:</b> Топтағы балаларды сыйлай білуге тәрбиелеу.</p>	
--	--	--

## Наурыз-2022ж

### Отпелі тақырып «Салт-дәстүрлер және фольклор»

**Мақсаты:** Қазақ хакы тұрмысының салт-дәстүрері мен ерекшеліктері туралы түсінітер беру, бала тұлғасының рухани – адамгершілік негіздерін қалыптастыру, эмоциялар, сезімдер, ойлауды, қоғамда әлеуметтік бейімделу механизмдерін дамыту. Балаларды төзімділікке, үлттық және дінге шыдамдылық рухында тәрбиелеу.

Апта	Тақырыптар	ҰОҚ саны
<i>I апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Шуақты көктем»</p> <p><b>Білімділік:</b> Қарапайым би қымылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Әудінді есту, сезіну қабілестерін әрі қарай дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Өнерді түсіне білуге, өнерді сүюге тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Жаңбыр»</p> <p>Мақсаты: Балалар әуенде тыңдалап, жүгіріп, секіріп үйренеді. Ойында шапшаң жасырынуга талпынады.</p> <p>Ән тыңдау: «Көктем» Куатбаев, Асылбек ән айту: «Ақ мамам» Асылбек, Хасанғалиев музыкалық қымыл «Гүлдермен би»</p> <p><b>2. Тақырыбы:</b> «Шуақты көктем, анамның мерекесі»</p> <p><b>Білімділік:</b> Қарапайым би қымылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуды бекіту.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Куатбаев, Асылбек</p> <p>ән айту: «Ақ мамам» Асылбек, Хасанғалиев</p> <p>музыкалық қымыл «Гүлдермен би» арқылы мерекелік көңіл күйді сезінуді дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Би арқылы дene сымбатын күтүге, сұлулыққа тәрбиелеу.</p>	2
<i>II апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Бесік жыры»</p> <p><b>Білімділік:</b> Әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу. Би қымылдарын мәнерлеп орындауды үйрету.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> «Жәй және жылдам» ойыны арқылы балаларға шашақ пен тоғылдауды толық жасау дағдыларын дамыту.</p> <p>Ән тыңдау: «Әй-әй ата» Байділда, Смақов Ән айту: «Наурыз» Досмаганбетова музыкалық қымыл «Шашу» Брусиловский</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Өнерді түсіне білуге тәрбиелеу.</p>	1
<i>III апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Наурыз айы келгенде»</p> <p><b>Білімділік:</b> Үлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастыру.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Үлттық ою-өрнекті бейнелейтін би қымылдарын үйретіп, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> «Отырып тұру» ойыны арқылы жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ән тыңдау: «Наурыз» Қалжанова</p> <p><b>2. Тақырыбы:</b> «Наурыз айы келгенде»</p> <p><b>Білімділік:</b> Балаларға жұптасып тұруды тез қымыл жасауга үйрету.</p> <p><b>Дамытушылық:</b></p>	2

	<p>Нұсінбаев, Талғаров «Домбыра сазы» әнін орындау арқылы музыкаға деген кызығушылықтарын дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> «Тұлпарым» музикалық қимылтын жасау арқылы ырғакты сезіне біуге тәрбиелеу.</p>	
<b>IV апта</b>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Төлдер»</p> <p><b>Білімділік:</b> Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, жоғары және төмен дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> «Төлдерді шақыру» әнін тыңдау арқылы әннің не туралы екенін түсіну дағдысын дамыту</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> «Төлдерді тап» ойыны арқылы балалар қай төлді қалай шақыру керек екенін үйретіп, жануарларға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.</p>	1

**Сәуір-2022ж**

**Отпелі тақырып « Жер Ана»**

**Маңсаты:** Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Жер – біздің ортақ үй екенін, мұнда өзен, көл, мұхит пен теңіз, тау, жазық дала, орман мен алқаптар бар екенін түсіндіру.

Апта	Тақырыптар	ҰОҚ саны
<i>I апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Біз еңбеккор баламыз»</p> <p><b>Білімділік:</b> Музыкадағы бейнелерді танып, ажырату.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Әнді созып, сезін анық айтып, ән мазмұнына сәйкес қимыл қозғалыс берे білудерін дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Жылдамдыққа, өз орындарын тез тауып алуға тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Тақырыбы:</b> «Біз еңбеккор баламыз»</p> <p><b>Білімділік:</b> Ән ырғағын сезіне білуге, ырғаққа сәйкес би қимылдарын жасауға үйрету.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Әнгө деген қызығушылығын оятып, ынталандыру. Әнді дұрыс орындау қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	2
<i>II апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Торғайлар»</p> <p><b>Білімділік:</b> Музыканың атық күралдарын жөнеді регистре салыстыру.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> «Қандай дауыс» ойыны арқылы бала лардың есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Құстарды қорғап, қамқорлық пен қарauғa тәрбиелеу.</p>	1
<i>III апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Құстар дауысы»</p> <p><b>Білімділік:</b> Музыканы тыңдай отырып, ести білуге шығарманы соңына дейін тыңдауга үйрету.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Әннің сезін анық айтып мәнін түсініп орындау дағдыландыларын дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Құстарды дауысынан ажыратада білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Тақырыбы:</b> «Құстар дауысы»</p> <p><b>Білімділік:</b> Жетекшімен бірге құстардың дауысын салуды үрлену.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Музыка ырғағымен құстардың қимылын салу дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> Ептілікке, нәзіктікке тәрбиелеу.</p>	2
<i>IV апта</i>	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Әдемі көйлек»</p> <p><b>Білімділік:</b> Әуенде есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Әнді айта тұрып би қимыдарымен ұштастыра білу дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелілік:</b> «Музыкалы орындық» ойыны арқылы балалар шапшандыққа, өз орындықтарын табуға тәрбиелеу.</p>	1

## Мамыр-2022ж

### Отпелі тақырыбы «Әрқашан күн сөнбесін»

**Мақсаты:** Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін жақын адамдарына сүйіспеншілік, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің тұган еліне, қаласына, ауылына құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеу.

Апта	Тақырыптар	УОҚ саны
I апта	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Алақай жаз келді»  <b>Білімділік:</b> Тыңдау ынтасын тәрбиелеу. Ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезіну.  <b>Дамытушылық:</b> Аспаптардың аттарын атап, дұрыс тани білу қасиеттерін дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Музыканы сүйе білуге, музыка аспаптарын пайдалана білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Тақырыбы:</b> «Алақай жаз келді»  <b>Білімділік:</b> Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін атап түсіндіру.  <b>Дамытушылық:</b> Әнді сезіне айтуға, би қымылдары мен бет мимикасын дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Улкенді тыңдап, сыйауға тәрбиелеу.</p>	2
II апта	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Қайсы екен қолымыз»  <b>Білімділік:</b> Музыканы тыңдата отырып ішкі сәзімін ояту. Дыбыстарды бірте-бірте көтеру, қымылдарды ілесе қайталату.  <b>Дамытушылық:</b> Балаларды ұрмалы аспапты ұстасып оны қандай дауыс шығаратынын ажыратада алу қабілеттерін дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Музыка ырғағымен оң және сол қолдарын ажыратада білуге тәрбиелеу.</p>	1
III апта	<p><b>1. Тақырыбы:</b> «Қайырлы тан»  <b>Білімділік:</b> Әуенде сергек айтуда, тыңдау, ойын қимыл арқылы ырғакты сезіндіру. Дауыстың биік және төмен ырғактарын ажырату.  <b>Дамытушылық:</b> «Алакан ла балакан» ойыны арқылы ырғакты ажыратып үйренеді. Шапалақ соғып қайталай алуын дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Жетекшінің іс қымылын бақыладап, дұрыс қайталауға тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Тақырыбы:</b> «Қайырлы тан»»  <b>Білімділік:</b> Дауыстың биік және төмен ырғактарын ажырату.  <b>Дамытушылық:</b> Жетекшімен бірге биік дауыс ырғағынан төмен дауыс ырғағына көшу қабіеттерін дамыту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Музыкаға, өнерге тәрбиелеу.</p>	2
IV апта	<p><b>Тақырыбы:</b> «Эн салып, би билейміз»  <b>Білімділік:</b> Балалардың жыл бойы үйренгендерін қорытындылау.  <b>Дамытушылық:</b> Әннің мәтінін дұрыс айтуды үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту.  <b>Тәрбиелілік:</b> Музыкалық шығармашылыққа тәрбиелеу.</p>	1